

**"Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 24 сәуірдегі № 387 қаулысына толықтыру енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 7 маусымдағы № 375 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 24 сәуірдегі № 387 қаулысына мынадай толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі туралы ережеде:

15-тармақтағы функциялары мынадай мазмұндағы 261-1) тармақшамен толықтырылсын:

"261-1) Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасымен (келісу бойынша) бірлесіп мемлекеттік органдардың лауазымды адамдарына көлік шығыстарын өтеу тәртібін әзірлеу және бекіту, сондай-ақ өтемақы алуға жататын мемлекеттік органдардың лауазымды адамдарының санаттарын айқындау;"

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі*

*Ә. Смайылов*